

Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облыстық мәслихатының 2016 жылғы 3 ақпандағы № 428/48 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 наурызда № 4944 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі "Су кодексінің" 38-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 223 бұйрығына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Облыстық мәслихаттың (V сайланған XLVI сессиясы) 2015 жылдың 10 желтоқсандағы "Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы" № 402/46 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Ж. Тұрлыбаев

В. Берковский

Облыстық мәслихаттың
(V сайланған XLVIII сессиясы)
2016 жылғы 3 ақпандағы
№ 428/48 шешімімен
бекітілді

**Павлодар облысы бойынша 2016 жылға арналған
жерүсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін
төленетін төлемақы мөлшерлемелері**

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер
			теңге
1	2	3	4
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	104,98
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)	1000 текше метр	603,26
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	169,97
4	Су көздерінің суын пайдаланатын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	169,97
5	Су көліктері	1000 т.км	23,33

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК